

**М. О. Жұмағалиев, магистрант**  
(Орталық-Қазақстан академиясы, Қарағанды қаласы)

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ҚЫЛМЫСПЕН КЕЛГЕН ЗИЯННЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы — болған қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-іздістіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі. Сондықтан, құқық қорғау органдарына қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған әрекеттерді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл орайда қылмыстық істің сотқа дейінгі өндірісінде әрбір тергеу әрекеті дұрыс жүргізіліп ондағы қылмыспен келген зиянның орнын толтырудың процессуалдық тұрғыда жүргізілуі заңдылықтың және әділдіктің кепілі болып табылады<sup>1</sup>.

Осыған орай сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы маңызды мәселелердің бірі ретінде зиянның орнын толтырудың процессуалдық жағдайын айқындау арқылы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексінің 113-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша жасалған қылмыстың зардаптары және қылмыспен келтірілген зардаптың сипаты мен мөлшерін анықтау қажет. Өйткені, қылмыс нәтижесінде келген зиянның көлемі мен сипатын анықтап алмай, қылмыстың болғанын немесе болмағандығын және қандай қылмыс жасалғандығын біле алмаймыз. Сонымен, тергеу барысындағы зиянның көлемін анықтау үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы келесі мәселелер анықталуы тиіс:

1. Жәбірленушіге күш көрсетілгендігі, моральдық немесе мүліктік зиян келгендігін растайтын құжаттар (куәгерлердің көрсетілуі, маманның, дәрігердің, сарапшының тағы басқалардың айқындайтын құжаттары);

2. Қашан, қандай жағдайда және қандай әрекеттермен немесе әрекетсіздікпен мүліктік зиян келгендігін, дәлелдемелерді анықтау;

3. Зиян келтірген адамның міні, себебі, неліктен, немен, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеттерін тексеру.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жәбірленушінің қайтарылуға тиісті мүлкін қалай бағалайтындығын анықтау керек. Жалпы зиянның құнын есептеп, шығарылатын баға азаматтық талаптағы қойылған талапқа сәйкес, соттың талқылануында қаралу керек. Қылмыстық істерді тергеу барысында қоғамға қауіпті қылмыс жағдайымен келген материалдық зиянның мөлшерін бағалау көп ретте қиынға соғады. Оның ішінде ұрланған заттарды анықтау барысында ол заттар көбінесе жойылған, жөндеуге келмейтіндей бүлінген немесе белгісіз себептермен жоғалтылған болып шығады. Сондықтан бұлардың барлығы ортақ, бірінғай бағамен есептелмей, тергеу барысында бұл жөнінде жәбірленуші мен айыпкер арасында әртүрлі көзқарастар мен келіспеушіліктер тудырады. Жалпы, жәбірленушіге қылмыс нәтижесінде келген материалдық зардап көлемі көбінесе оның мүлікке келген зиянның сипатымен көрінеді. Қылмыстық іске қатысушы жәбірленуші өзіне келтірген зиян мен материалдық шығындардың орнын толтырылуын азаматтық талап арқылы қылмыстық істі жүргізушіден немесе соттан талап етуі тиіс. Бұл жөнінде С.В. Смирновтың көзқарасы бойынша, жәбірленушінің жазған материалдық зиянды толығымен өтелгені немесе өтелмегені жөніндегі қолхат процессуалдық түрде толтырылуы тиіс. Өйткені, осы қолхат істе маңызды құжат болып саналады. Кейбір жағдайларда осыған орай істі қысқарту, жазаны жеңілдететін басқа бапқа өзгерту немесе басқа да тергеулік іс әрекеттер жүргізілуі мүмкін делінген<sup>2</sup>.

Осындай мәселелерді тереңдете зерттей келе, олардың кейбір шешілу жолдарын қарастырып өткен, А. Н. Ақпанов азаматтардың қылмыстық процессуалдық кепілдемелер қолдану жолдарын көрсеткен<sup>3</sup>. Қылмыстық іс жүргізу теориясы бойынша азаматтардың құқықтары мен жеке мүдделерін қорғайтын кепілдемелер беріледі. Басқаша айтқанда, белгілі бір әрекеттермен азаматтарды құқықтық қорғаудағы қылмыстық-процессуалдық жағдайлардың жиынтығын ұсынып отыр.

Болған қылмысқа сәйкес оны тергеу барысында ең алдымен объектіге келген зиян мөлшері айқындалғаннан кейін басқа элементтерінің құрамының жағдайлары анықталады.

Осы зиянның орнын толтыруда тергеу барысында көптеген іс-әрекеттер арқылы зиянның орнын толтыру жолдарын ашуға болады. Атап айтқанда:

Біріншіден, Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексінің 20-тарауына сәйкес азаматтық талап қою арқылы жәбірленушіге немесе азаматтық талапкерге қылмыстың әсерінен келген материалдық зиянның орнын толығымен қайтару.

Екіншіден, зиянның орнын толтыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексінің 230-бабына сәйкес тінту және зат алу сияқты тергеу тәсілдерімен ұрланған заттарды іздеп табу, оларды иесіне толығымен қайтару жұмыстарын жүргізу.

Үшіншіден, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге қылмыспен келген зиянның орнын толтыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексінің 161-бабына сәйкес мүлікке тыйым салу әрекеттері арқылы соттың шешімімен мүлікті жәбірленушіге алып беру.

Төртіншіден, зиянның орнын толтыру барысында мүлік пен заттарды іздеу шараларын жүргізу, криминалистикалық тактиканың әдістерін тиімді пайдалана отырып жәбірленушінің бұрынғы жағдайын қалпына қайта келтіру.

Бесіншіден, көршілес елдер мен дамыған мемлекеттердің осы мәселе бойынша, яғни зиянның орнын толтыру жолындағы әдіс-тәсілдерін қолдану немесе пайдалану жолдарын көрсету.

Сонымен қорытындылай келе, азаматтардың мүліктік құқықтарының бұзылуына байланысты іс-шаралар тиісті деңгейде жүргізілген жағдайда ғана келген зиянның орны толығымен қайтарылуы мүмкін.

- 
- <sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
  - <sup>2</sup> Смирнов С. В. Проблемы реализации в уголовном процессе права на возмещение вреда, причиненного преступлением, в условиях перехода государства к рыночной экономике. — Н.Новгород, 1994.
  - <sup>3</sup> Ахпанов А. Н. Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования. — Алматы, 1997.